

## Қазалы қаласындағы кейбір көшелерді қайта атау туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 480 қаулысы және Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 271 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 қаңтарда № 4848 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы» Заңының 12- бабының 5-1 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 - бабының 1 - тармағының 4) тармақшасына, 31 - бабының 2 - тармағына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазалы аудандық мәслихаты

### Ш Е Ш І М

### Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Қазалы қаласының мынадай көшелері:

1) Жамбыл көшесінің тұйығы Қожаназаров Ерғали көшесі;

2) Беляев көшесі Қаражан Өтепбергенов көшесі;

3) Бостандық көшесі Әнес Нарымбетов көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы бірлескен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі	Б.Д.Жаханов
Қазалы аудандық мәслихатының XXXIX сессиясының төрағасы, Қазалы аудандық мәслихатының хатшысы	Т.Бөріқұлақов